

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Стоматология бойынша интернатура кафедрасы

ИӨЖ

**Термопласт негізіндегі алмалы протездер,
салыстырмалы мінездемесі**

**Орындаған: Ст14-002-02 тобының интерні Төребеков Н.Е.
Қабылдаған: м.ғ.к., доцент. Абдразаков Е.Х.**

Алматы 2020 жыл



Жоспар

I. Кіріспе:

- Жалпы түсінік

II. Негізгі бөлім


- Қолдану көрсеткіштері
- Термопласттың артықшылығы
- Акрилаттың кемшілігі

III. Қорытынды

Тарихы

Термопласттар – қыздырғанда жоғарғы эластикалық қалыпқа өтетін пластмасса түрлерінің бірі. 1956 жылы «жасанды ағза» бағытында жұмыс жасайтын қоғам термопласттардан биологиялық нейтральды, яғни медициналық термопласттарды бөліп шығарды. Осыдан кейін бұл материал терең зерттеліне бастады.

1975 жылы Жапонияда «жасанды ағза» комитеті құрылды. Сонымен қатар «термопласттардың құрылысы және оның ағзаға әсері» тақырыбында ғылыми-зерттеу жоспары дайындалды. Кейіннен зерттеу жұмысының нәтижелері клиникада қолданыла бастап, жасанды құрылымды ағзаға ендірді.

A dark grey arrow points to the right from the top left corner. Several thin, light blue lines curve downwards from the left side of the slide.

Нейлон тіс протездерінің негізін құраушы, майысқақтығы бар пластик ретінде ең алғаш 1983 жылы ұсынылды және ол алмалы протездердегі акрилді комбинация мен металды құрылымның орнын басады деп жобаланды. Сол уақыттан бастап көптеген елдер дәл осы материалды қолдана бастады.



Нейлон материалы

Қолдану көрсеткіштері

1. Шредер бойынша тіссіз жақ, I тип;
2. Келлер бойынша тіссіз жақ, I тип;
3. Акрилді пластмассағы аллергиясы барларға;
4. Тіс қатарының кетігі, Кеннеди бойынша I – IV класс;
5. Бетельман бойынша кіші, орта, үлкен дефекттер.


Термопласттардың артықшылығы

- Протездер эластикалық және жоғары беріктілігімен ерекшеленеді;
- Жоғарғы температурада эзірленетіндіктен нақты отырады, стабильді фиксацияға ие;
- Өте жеңіл, қызыл иекті қажамайды;
- Қалдық мономер жоқ, аллергиялық реакция шақырмайды;
- Тұрақтылығы жоғары бояуышы болғандықтан, көп қолданғанына қарамастан эстетикалығын жоғалтпайды;
- Абсолютті түрде гигроскопиялық қасиеті жоқ (ауыз қуысынан өзіне ылғалды сіңірмейді);
- Эстетикалығы жоғары, қызыл иектің табиғи түсі тәрізді, фиксация ретінде денто-альвеолярлы кламмерлер қолданылады;
- Метал кламмерлердің жоқтығы жағымсыз әсер қалдырмайды (гальванизм);
- Тірек тістері қозғалмай, қалыпты жағдайда қалады.

Акрилаттың кемшілігі

Ортопедиялық стоматологияда кеңінен таралған құрылымдық материал акрилдік пластмасса болып табылады. Алайда ол шырышты қабатта қабыну түрінде көрінетін аллергиялық реакция шақыруы мүмкін. Акрилатқа аллерген болып құрамындағы қалдық мономер саналады.



- 
- пластмассаның микрокеуектері органикалық заттар мен микроорганизмдерді өзіне жинайды, осылайша ауыз қуысының қабынулық ауруларына алып келіп, жағымсыз иісті пайда болғызады;
 - пластиналық протездер қатты механикалық қысымға ұшырайды, сондықтан базистің сынуы жиі кездеседі;
 - метал кламмерлер сөйлеген кезде ауыздан көрініп тұрады және кіреукеге зиянды.

Термопластен протездеу

ДЕЙІН



КЕЙІН





До установки протеза



После установки протеза



Қорытынды

Термопластты протездер қымбат болғандықтан оны пайдаланушылар аз. Алайда қазір, көбіне үлкен қалаларда Биодентопласттан, Валпласттан жасалған протездерге сұраныс артып келеді.

Бұл жерге де стоматологтың біліктілігі керек. Ем дұрыс жоспарланғаны жақсы. Себебі термопласттардың кемшіліктері жоқ емес: тым жұмсақ болғандықтан сүйек тінінің атрофиясына алып келеді және жөндеуге келмейді.

Әдебиеттер:

1. Тян А.А. ПРЕИМУЩЕСТВО ТЕРМОПЛАСТИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ В ОРТОПЕДИЧЕСКОЙ СТОМАТОЛОГИИ // Научное обозрение. Медицинские науки. – 2017. – № 4. – С. 119-123;
2. Мария Брайлян. Термопласт – новшество в съемном протезировании / статья / Опубликовано на <http://www.sanataate.md/>